# Ел тілегі

**Тілегіміз - тату тірлік, мұратымыз - ауыз бірлік!**





№54 (474) Сәрсенбі Қазан 2016 ж.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ БАСЫЛЫМ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады


# 25 қайырымды іс: Мейірімді жүрекпен





Жақында Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай "Нұр Отан" партиясы Қызылорда облыстық филиалы «25 қайырымды іс»: Мейірімді жүрекпен» тақырыбында акция ұйымдастырды. Акция барысында филиалдың барлық құрылымдық бөлімшелері, өңірдегі әлеуметтік аз қамтамасыз етілген отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға сондай- ақ жалғыз басты қариялар мен көп балалы аналарға жан- жақты көмектер көрсетті.

Игілікті шараны Нұр Отандықтар қаланың Шанхай мөлтек ауданында тұратын тыл және еңбек ардагері Рабиға Қоянбаеваның отбасынан бастады. Карт ана жақында 104 жасқа толған болатын. Облыстық партия филиалы төрағасының орынбасары Әділбек Ерсұлтанов бастаған топ, ғасыр жасаған кейуананың хал- жағдайын біліп, мерейлі мерекесімен құттықтап, арнайы сыйлықтар тапсырды. Кейуана игілікті шараға риза екенін білдіріп, Нұр Отандықтарды ақ батасымен, алғысымен шығарып салды.Қызылорда қаласында ғасыр жасаған 12 жан бар. Олар елді қырған ашаршылықтың да, сұрапыл соғыстың да куәсі болған. Солардың бірі- Рабиға әжеміздің де балалық шағы ашаршылық және саяси қуғын- сүргін жылдарымен, ал бозбала дәурені сұрапыл соғыс жылдарымен тұспа- тұс келген. Отызыншы жылдардағы зұлматта әкесінен айырылғандықтан, еңбекке ерте араласып, ооты жылдары әбден қалжыраған халық шаруашылығын қалпына келтіруге зор үлес қосқан. Әңгіме барысында карт ана өмірінің сол бір ауыр кезеңдерін есіне алып, бүгінгі бейбітшілік саясатын ұстанып отырған Елбасыға шынайы ризашылығын білдірді.

Осыдан кейін жетекші партия өкілдері I топ мүгедегі Жидебаев Тасболат ағамыздың үйіне жол тартты. Ол кісіге медициналық көмек көрсетіп, қажетті дәрі- дәрмектерін апарып берді.

**Сұлтанбек Кенжебаев:** *«Бұл кісі жүрек ишемиясы, қант диабеті, қан қысымның жоғарылауы сияқты бірнеше сырқат түрлерімен 2001 жылдан бері дәрігерлік есепте тұрады. Үлкенге қамқор болу, көмек көрсету- азаматтық парыз. Бүгін міне, партия өкілдері Тасболат ағамызға медициналық көмек көрсеіп отыр.»*

Жыл бойы ардагерлердің үй- жайы мен ауласын, мал қорасын тазартып, азық- түлігін жеткізіп беруге көмектесіп келе жатқан Жас Отандықтар ата- анасы да, өзі де тағдырдың тауқыметін тартып, мүмкіндігі шектеулі азаматтар қатарына енген Мырзабеков Жорабектің үйін әктеп, ауласын тазартып, қол ұшын берді. Халық сеніміне ие болған партияның жергілікті өкілдері осылайша әлеуметтік әлсіз топтар мен науқас жандардың көңілін аулап, сауапты іс жасады.

«25 қайырымды іс»: Мейірімді жүрекпен» әлеуметтік акциямызды «Сыр мерейі» қоғамдық әлеуметтік қорының Тасбөгет кыстағындағы «Арман» мейрамханасында жасына немесе денсаулығына байланысты қиындық көріп отырған тұрмысы төмен жандарға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, қамқоршысынан айырылған балаларға, баспанасыз жүрген азаматтарға кешенді түскі ас беруімен жалғасытырылды. Аталмыш жоба Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен алтыншы жыл Қызылорда қаласының әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына өз қызметін көрсетіп келеді. Түскі ас аптасына бес күн бойы түскі мезгілде бір ас мәзірі бойынша 366 тұрмысы төмен әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға беріледі. Жобаға қатысатын азаматтардың тізімін қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірге зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету орталығы жасақтайды.

«Сыр мерейі» жобасы аясында 22 жұмыссыз азаматтар жұмыспен қамтамасыз етіліп отыр. Осындай әлеуметтік маңызды жұмыстар Сыр өңірінде іске асырылып жатқанына қызылордалықтар дән риза.

**Айткүл ШАКИ**



# БРИФИНГ ӨТТІ

Қазан айының 4 жұлдызында Облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің бөлім бастығы Тұрманов Бахтияр Маханбетжанұлы және Орталық қауіпсіздік саласын бақылау және профильдік қызмет басқармасының бастығы Қайрақбаев Руслан Сламбекұлы облыс бойынша 2016-2017 жылдардың жылыту маусымына атқарылып жатқан жұмыстары жөнінде баспасөз брифингін өткізді. Төтенше жағдайларды жою бөлімінің қызметкерлерінің айтуларына қарағанда, ағымдағы жылдың 9 айында Қызылорда облысы бойынша 342 өрт оқиғасы тіркелген, материалдық шығын 25 372500 теңгені құраса, өрттен 7 адам қаза тапқан, оның ішінде 3 мектеп жасындағы балалар,жарақат алғандар саны 11 адамға жеткен.

Орын алып жатқан жағдайларды талдау негізінде, көптеген жағдайлар тұрғындардың қауіпсіздік шараларына немқұрайлы карауынан болып отыр. Атап айтқанда, жылыту пешіне от жаққанда көмірдің жанған қалдықтары түтін жолдарымен ауаға тарауы керек. Талаптарға сәйкес, жылу беру маусымында пештің түтін шығу жолдары екі- үш реттен тазалануы қажет. Алайда тұрғындар жылу беру маусымында түтін жолдарын мүлдем тазаламай салғырттық танытады.

2015-2016 жылдардың жылыту маусымы кезінде улану бойынша талдау жасалып, облыстың Қызылорда қаласында 21 жағдай 51адам және Қазалы ауданында 14 жағдай 35 адамдардың улануы тіркелген.

2014 жылы 72 түтінге, 3 табиғи газға улану фактісі тіркеліп, олардан 163 адам, оның ішінде 61 ересек, 102 жасөспірім зардап шеккен.

2015 жылы 51 түтінге, 1 табиғи газға улану фактісі тіркеліп, олардан барлығы 147 адам, оның ішінде 96 ересек, 51 жасөспірім зардап шексе, 2016 жылы бұл көрсеткіш 48 түтінге улану фактісі тіркеліп, олардан барлығы 108 адам, оның ішінде 75 ересек пен 33 жасөспірімді көрсетіп тұр. Әрине, жайсыз жағдайлардың төмендегені қуантарлық жайт.

Осы орайда, Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің офицерлерімен жеке құрамы жұмылдырылып, адам өмірімен денсаулығын, меншікті және қоршаған ортаны өрттен қорғау аясында жылу беру маусымы алдында облыс бойынша екі кезеңде өрт пешінің қауіпсіздігі және көміркышқыл газына уланудың алдын алу бойынша үгіт-насихат жүргізіп келген. Жыл басынан бері облыс бойынша әр аптаның сенбі күндері «Өрт қауіпсіздігі күні» болып жарияланып, өрттердің себептерін талдау негізінде, облыс бойынша елді мекендерінің 48 мың 705 тұрғын үйлері араланып, 208 мың 665 тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

Бұл бағыттағы жұмыстар мектеп жасындағы балалар арасында да өткізілуде. Мектеп жасындағы балалар арасында өрт кезінде дұрыс әрекет етуі, абайсыздықтың, жарақаттанудың алдын-алу және өрт қауіпсіздігі саласындағы білімді жақсарту бағытында департаменттің аумақтық Төтенше жағдайлар бөлімшелерінің қызметкерлері білім беру мекемелерімен бірлесіп, жалпы білім беру орындарында 4 интерактивтік сабақ өткізген. Осы іс-шаралар барысында тұрмыстық электр құралдары және жылу беру аспаптарын орнату мен қолдану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаумен бірге от жағу пештерінің моржаларын уақытылы тазалауы бағытында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, 51 892 дана нұсқаулықтар мен ақпараттық парақтар таратылған. «Сақтансаң, сақтаймын»,- деген ғой, тілсіз жаудан сақтанып жүрейік, ағайын!

**Ақерке РАХМАНОВА**

# Ұстаздар ұлықталды




Өркениетке апарар жолдың алғашқы баспалдағы – алтын ұя мектеп десек, ұрпақтың ұлы мұраты жолында талмай еңбек етіп жүрген, мектептің жүрегі іспетті, қастерлі де бас тұлғасы – ұстаз.

"Қазақтың қаны бір, жаны бір жол басшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі", - деген қазақтың біртуар кемеңгер ақыны Мағжан Жұмабаев. Адамзат баласын жарқын өмірге жетелейтін құдіретті күш білім мен еңбекте. Ал жас ұрпақты алтын шаңырақта білім нәрімен сусындатып, өнегелі тәрбие беретін ұстаздар қауымы. Білімді ұрпақ- ертеңгі күні еліміздің тірегі болмақ.

Ұстаздар күніне орай қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде «Ұстазым-ұлағатым, үлгі-өнегем» атты мерекелік кеш өтті. Кешке қала әкімі, білім саласының қызметкерлері, ардагер-ұстаздар, білім беру ұйымдарының басшылары мен педагог қызметкерлері қатысты.

Кеш қала әкімі Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлының ұлағатты ұстаздарды құттықтау сөзімен ашылып, марапаттау рәсіміне ұласты. ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасымен №7 орта мектеп мұғалімі Кенжалиева Гүлжанат Абатқызы, ҚР Білім және ғылым министрінің Алғыс хатымен №39 орта мектеп мұғалімі Юсупова Зейнеш Аймаханқызы, Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хатымен «Сыр сәбиі» жеке балабақшасының меңгерушісі Егізбаева Райхан Сейітжанқызы және №2 «Бөбек» балабақшасының музыка жетекшісі Дауылбаева Ғайния Жаппарбергенқызы марапатталды.

«Ұстаздар күні» мерекесіне орай мұғалімдер арасында өткізілген кіші футбол турнирінде №278 орта мектеп жеңімпаз атанса, эстафета жарысында №101 орта мектеп мұғалімдер командасы марапатталды. Сондай-ақ қалалық білім бөлімінің бас маманы Қалмаханова Сара, №12 орта мектеп мұғалімі Нұраманова Өрік, №23 мектеп-лицейінің мұғалімі Қиясова Айгүл, №2 «Мұрагер» мектебінің мұғалімі Азатбаева Эльмира, №11 мектеп мұғалімі Әли Гаухар, №5 мектеп-лицейінің мұғалімі Кокилова Роза, №8 мектеп мұғалімі Дәулетбаева Салтанат, №101 орта мектеп мұғалімі Төлеуова Гүлзира, т.б ардақты ұстаздар қауымы Қала әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталып, ақшалай сыйлықтарға ие болды. Сонымен қатар кеш барысында қалалық білім бөліміне қарасты мектептер мен балабақшаларда шығармашылығымен ерекшеленген 97 мұғалімге қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасы табысталды.

Марапаттау рәсімінен кейін ардагер ұстаздарға гүл шоқтары ұсынылды. Кеш концерттік бағдарламамен жалғасты.

**Ақбота ДАНАБЕК**

# ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА



**Үстіміздегі жылдың қыркүйек айында қалалық мәслихат депутаттары Қызылорда қаласының жылу маусымына дайындық жұмыстарына байланысты біркатар нысандарды аралаған болатын. Нысандарды аралау Бектұрғанов пен Панфилов көшелері қиылысында орналасқан ЖК-47-ден Мұратбаев көшесіндегі ЖК-44-ке дейінгі магистралды жылу жүйесіне жол жүруден басталып, әрі қарай Ғ.Мүсірепов №18 көпқабатты тұрғын үй мен М.Әуезов көшелері қиылысы және «ҚЖЭО» МКК ғимаратына дейінгі жолдармен жалғасты.**

Қала әкімінің 2016 жылғы 16 мамырдағы №1457 өкіміне сәйкес жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын үйлестіруші қалалық штаб құрылып, бүгінгі таңда дайындық жұмыстары аяқталуда. Ағымдағы жылы «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша ұлттық қордан 997 млн. 178 мың теңге бөлініп, 7 жоба бойынша ұзындығы 6,5 шақырымды құрайтын қаланың Бектұрғанов, Жанәділов, Әуезов және Егізбаев көшелеріндегі магистралды және кварталаралық жылу желілеріне қайта жаңғырту жұмыстары толығымен жүргізілді.

Сонымен қатар, Европалық қайта құру және даму банкісі арқылы 405 млн. 328 мың теңгеге 2 жоба бойынша 4,1 шақырым құрайтын жылу құбырларына қайта жаңғырту жұмыстары және 900 млн. 400 мың теңгеге 60 көпқабатты тұрғын үйлер мен (Сәулет, Универсам, 3- ші іріленідірілген, ГУВД мөлтек аудандары) 6 әлеуметтік нысандарды ыстық сумен қамтамасыз ету қондырғылары орнатылып, тиісті жұмыстар атқарылуда. Жалпы орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 632 көпқабатты тұрғын үйлер бар. Дегенмен, алдағы уақытта жылу маусымында жылу қабылдай алмайтын қаупі бар 16 көпқабатты тұрғын үйлер анықталып отыр. Осы мәселені шешу мақсатында тұрғындармен жиындар өткізіліп «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңын басшылыққа алып, ортақ түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Бүгінгі таңда Шұғыла мөлтек ауданы 28, Желтоқсан 4 және Желтоқсан 6 көпқабатты тұрғын үйлердің тұрғындары арасында белсенді топ құрылып, жинақталған қаражат шеңберінде қажетті материалдар сатып алынып, жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жалпы қалада жылу маусымына дайындық жұмыстары қатаң бақылауда тұрғанын ескере отырып, коммуналдық мекемелердің барлық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы, жылу маусымы өз дәрежесінде атқарылатын болады.

**Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы, Мұхиджан Кәрімбаев:** «Қызылорда жылу орталығының қыс маусымына дайындық жұмысын тексеру мақсатында қалалық мәслихаттың өндіріс жағынан тұрақты комиссиясы рейд ұйымдастырып отыр. Осы арқылы жаңа технологиямен салынған жылу құбырларын көріп жатырмыз. Зауыттан алдын- ала оқшаулама жасалып дайындалған бұл жылу құбырлары көп шығынды қажет етпейді. Европалық банктің несиесі бойынша көптеген құбырлар ауыстырылып, тұрғын үйлерге жылу беруге сақадай сай тұр. Бектұрғанов №18 көпқабатты үйдің жылу пунктін көрдік, ол жерде де жаңа технологиямен жасалған жылу мен ыстық су беретін жылу қондырғылары бар. Оның артықшылығы- даланың теапературасына байланысты жылуды керегінше ғана жіберіп, тұрғындардың жылуға кететін ақшасын үнемдеуге мүмкіндік береді.»

**Айткүл ШАКИ**

Ел тілегі
E-mail: eltilegi_gazeta@mail.ru

# ЖАҢА ҚҰРЫЛЫМ– БАСЫМ БАҒЫТТАР– НӘТИЖЕЛІ КӨРСЕТКІШ

2014 жылдың соңына қарай Елбасымыз Үкімет құрылымына бірқатар өзгерістер мен қайта құрулар енгізді. Соның негізінде Үкімет қаулысымен жаңа ведомство – Мемлекеттік кірістер комитеті құрылған болатын. Салық және кеден саласын біріктірудегі негізгі мақсат – еліміздің шекарасынан кіргеннен бастап әрбір тауардың соңғы тұтынушысына сатылуына дейінгі аралықтағы барлық қозғалысын, яғни сол тауарға салынатын салықтың түгелдігін бақылау. Ал енді осы тандемге қаржы және экономика саласындағы құқықбұзушылықтармен күресетін құқыққорғау құзыреті бар үшінші саланы қосу салықтан жалтаруға мүмкіндік қалдырмауды көздеген қадам. Барлық қаржы ағымын бақылауда ұстау, көлеңкелі экономиканы болдырмау саланың өз ішінен жүргізілуі тиіс деген ұстаным.

Бұл бірігу, жасыратыны жоқ, күрделі процес болды. Қазіргі мемлекеттік кірістер органдары – кәсіпкерлер мен шет елдік инвесторлар үшін тиімді салық жүйесіне, адал бәсекелестік шарттарына және түсімдерді әкімшілендіруге жауап беретін бірден бір қызмет етуші орган.

Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының аясындағы заңнамалық бастамалардың 8 бағыты салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіруге арналған. Кедендік және салықтық әкімшілендіру амалдарын оңтайландыру, кедендік амалдар кезінде бір терезе жүйесін енгізу, салықтық және кедендік жүйелерді біріктіру сияқты бағыттар заңнамалық тың өзгерістерді талап етіп отырғаны анық.

Биылғы жылдың ақпан айынан бастап Біріктірілген кеден және салық кодексінің жобасымен жұмыс басталды. ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында арнайы «Форум» ашылып, жалпы жұртшылықтан ұсыныстар жиналды. Тұтынушылар тарапынан түсіп жатқан ұсыныстар мен сұрақтар біздің жүйемізде жаңашылдықты талап ететін қанша өзекті мәселе бар екенін көрсетуде. Бұл – уақыт талабы, өркениетті стандарттар талабы.

Жедел жұмыстарды жүргізуге берілген құзыреттілік арқасында экономикалық қылмыстардың алдын алу шаралары жақсарды, яғни қолма қол ақшамен жұмыс жасаудағы заңсыздықтарды дер кезінде анықтау, бюджетке түсетін түсім көлемін көбейту, ең бастысы тұтынушының құқығын қорғау мүмкін болды.

Бір сөзбен айтқанда, жаңа жүйе өз жолын айқындады, жұмыстың ырғағы қалыптасты. Бүгінгі күннің көрсеткіштерінен жұмысымыздың алға басқанын байқауға болады. Бұл дегеніңіз – жаңа құрылымның тиімділігінің жоғары екенін көрсетеді.

Үстіміздегі жылдың 8 айында департамент мемлекеттік бюджетке 59 млрд. 560 млн. салықтар мен төлемдердің түсімін қамтамасыз етті. Жоспар 120,3% орындалды. 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11,8 млрд.теңгеге немесе 24,8% өсім бар. Оның ішінде, республикалық бюджеттің орындалуы 129,3% және жергілікті бюджеттің орындалуы 111,5%. Көлеңкелі экономикаға қарсы күрестің дұрыс ұйымдастырылуы мен қарқынды жүргізілуі нәтижесінде мемлекеттік бюджетке 5,5 млрд. теңге көлемінде қосымша түсім түсті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,4 есеге жоғары көрсеткіш. Салықтық тексерулер қорытындысымен (103 кешенді, 176 тақырыптық тексерулер) 20 279 млн. теңге қосымша есептелген. Камералдық бақылау нәтижесімен өндірілген сома 2 838,3 млн.теңгені құрады.

Құзыретті органдармен бірлесіп жасалған жұмыстар нәтижесінде 1 665 жеке тұлға дара кәспкер ретінде тіркелді, олардың 182-сі пәтерді жалға берушілер, 457-сі такси қызметімен айналысушылар, 150-і жүк тасымалдаушылар, 41-і автокөлік жөндеуімен шұғылданушылар, 835-і базарда жұмыс жасайтындар.

Осы орайда, біздің органның қызметі мен мүмкіндіктерін құқыққорғау құзыреттілігімен кеңейтіп (күшейтіп) отырған Экономикалық тергеу қызметі туралы айту керек. Бұл қызметтің басты міндеті – «көлеңкелі» экономика жағдайындағы ахуалды жақсарту, бюджетке келтірілген залалды қайтару, төленетін төлемдердің толықтығын қамтамасыз ету және экономикалық қылмыстардың алдын алу.

Осы жылдың 8 айында Департаменттің Экономикалық тергеу қызметінің өндірісінде 312 сотқа дейінгі тергеу істері болды, олардың 8 айда 213-і аяқталып, 136-сы сотқа жолданды. Анықталған залал сомасы 16,4 млрд. теңге болған, оның 12,8 млрд. теңгесі (78,6%) қалпына келтірілді, 17,9 млн. теңгенің мүлкіне арест қойылды. Жалған кәсіпкерлікпен күрес саласында 8 айда 37 қылмыстық іс сотқа жолданды, олардың қызметі арқылы келтірілген залал көлемі 3,4 млрд.теңге. Екі ұйымдастырылған қылмыстық топтар құрықталған. Бірнеше жалған кәсіпорындар құру арқылы мемлекетке 1,8 млрд.теңге залал келтірген осы топтардың 20 мүшесі сотқа берілді.

Мұнай мен мұнай өнімдерінің заңсыз айналымына қатысты 4 қылмыстық іс сотқа жолданды. Заңсыз айналымнан 10 млн.теңге тұратын 94 тоннадан аса мұнай мен мұнай өнімдері алынды. Айыпты адамдар сотқа тартылып, тауарлар тәркіленді.

Жалпы біздің міндет – бюджеттің кіріс бөлігін және мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Салық өз-өзінен өндірілмейді, ол үшін қыруар жұмыс жасалады. Салық салу және оны өндіру жүйесін ұдайы жетілдіріп отыру – салық төлеушіге қолайлы жағдай жасаумен тығыз байланысты. Осы жерден салықты сапалы әрі мәдениетті басқару деген біздің басты ұстанымымыз туындайды. Салықтық бақылауды заңнамалық жағынан жетілдіру – істің жартысы. Сол заң талабының орындалуына әр сағат сайын, әр күн сайын қол жеткізу – бұл енді біздің күнделікті жұмысымыз, ізденістеріміз, жаңа әдіс-тәсілдеріміз.

Ақпараттық жүйелердің дамуы, қазіргі кезде, бұрынғыдай тексеруге шығу деген түсінікті азайтты. Камералдық бақылау адал кәсіпкерлердің санын көтеруде. Декларацияларға жасалған нақты талдау қателікті өзі көрсетеді, ал салық төлеуші, берілген хабарламаға сәйкес, белгіленген уақыт ішінде салығын төлеп, өз қателігін өзі жөндей алады.

Оңалту және банкроттық заңнамасына енгізілген өзгерістер борышкердің кәсібін сақтап қалуға жағдай жасап отыр. Кәсіпорын банкрот деп танылған жағдайдың өзінде, оның басшысы бизнесін қалпына келтіру көзін таба алады. Жаңа заңнамалық база банкроттықты тоқтатуға, банкроттық статусынан арылуға және қызметін қайта жалғастыруға мүмкіндік береді.

Бизнеске көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру да жыл сайын артып келеді. Біздің салалар бойынша көрсетілетін қызмет түрлері бойынша айтсақ, кеден саласындағы сұранысы жоғары 7 қызмет түрінің 1-еуі, ал салық саласындағы 32 қызметтің 23-і автоматтандырылған. Электронды форматқа ауысу арқылы уақытты үнемдеуге, құжаттар санының қысқаруына қол жеткізілді. Импорт тауарларды кедендік ресімдеуге қажетті ұсынылатын құжаттар саны – 4, ал тауарды экспорттау үшін бар болғаны 3 құжат ұсынылады. Біздің облыстың тауарды кедендік тазартуға жұмсаған 8 айдағы орташа уақыт көрсеткіші: импорт тауарлар үшін, белгіленген 4 сағат орнына нақты 1 сағат 04 минут, ал экспортты ресімдеуге, белгіленген 2 сағат орнына, 12 минут уақыт жұмсалуда.

Мемлекеттік бюджетті жоспарлау, салық жүйесінің барынша ашықтығын және салық мәдениетін қамтамасыз ету бағытында жүргізіліп отырған жетілдіру, оңтайландыру шараларының барлығы өзекті. Саралай білгенге – әрбір жаңа талаптың түпкі мақсаты маңызды екені көрінеді. Мәселен, қазіргі кездегі жұртшылық тарапынан аса қызығушылық тудырып отырған мәселенің бірі - жалпыға бірдей кірісі мен шығысын декларациялау осындай талаптардың бірі.

2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік қызметшілермен қатар, соттар, депутаттар, ұлттық компаниялар мен мемлекеттік мекемелердің әкімші қызметкерлері табысы туралы декларация тапсыратын болады. Ал енді 2020 жылы бұл талап еліміздің тұрғылықты мекенжайға ие барлық кәмелетке толған және кәмелетке толмаса да меншігінде мүлкі немесе активі бар қазақстандықтарға, оралмандар мен қазақстандық қаржы көзінен кіріс кіргізетін немесе қолында мүлкі бар шетелдік азаматтарға түгел қойылатын болады деп күтілуде. Кәмелетке толмағандар үшін, әрине, декларацияны ата-аналары немесе қамқоршылары толтыратын болады.

Қазіргі кезде бұл шараның азаматтар үшін барынша қолайлы тетіктері таңдалып алынуда.Жалпыға бірдей табысын декларациялау талабы тек мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың мүддесі үшін жасалады. Күтілетін нәтиже – азаматтардың табысы декларацияда барынша толық әрі ашық қамтылса, одан өндірілетін салықтың мөлшері де көбейеді. Бұл дегеніңіз әлеуметтік қолдаудың шеңбері артады деген сөз, яғни азаматтардың оқуға, демалуға, емделуге т.б. қажеттілігіне жеңілдіктер қамтамасыз етіледі. Түпкілікті мақсат – халықтың табысы мен шығысының көлемін көре отырып, мемлекеттің қаржы саясатын жоспарлау, елдің экономикалық даму ырғағын үйлестіріп отыру.

Осы орайда, белсенді насихатталып жатқан мүлікті жария ету науқанына тоқталмай кетуге болмайды. Келесі жылдан бастап жалпыға бірдей декларациялау енгізілуіне байланысты, қазір азаматтарға мүлкі мен қаражатын жария ету мүмкіндігі беріліп отыр. Мемлекеттік кіріс органдарына арнайы декларация тапсыру арқылы ақша, бағалы қағаздар, заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерін, Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде орналасқан, оның ішінде басқа тұлғаға ресімделген мүлікті жария етуге болады.

Мемлекет ұсынып отырған мүлікті жария ету акциясы шеңберінде жинаған қаражатыңыз, шет елде немесе басқа тұлғаға ресімделген мүлкіңіз болса, қазір оны жария етіп алып, кейін декларацияда заңдастырылған мүліктері мен табыстарды ашық көрсетіп, заңды кәсіпке пайдалана аласыз. Заңдастырылған қаражат пен мүліктер салық салу мақсаттары үшін табыс ретінде қарастырылмайды, соған сәйкес оларға табыс салығы да салынбайтын болады. Бұдан бөлек, жария етілген мүлік иелері қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен босатылады.

Жалпыға бірдей табысын декларациялау тәртібі енгізілгеннен кейін, барлық ірі ақша ағымдары мен капиталдардың заңдылығы бақыланатын болады. Оларды көрсетпегені немесе жасырғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қаралған. Сондықтан да, біздің азаматтарымыз мүлкін заңдастырудың осы мүмкіндігін пайдаланып, қаражатын ашық айналымға шығара алады.

Облыс тұрғындары тарапынан екінші деңгейлі банктерде шот ашу арқылы 1 млрд. теңгеден астам қаражат заңдастырылып отыр. Насихаттау, түсіндіру шараларының үздіксіз жүргізілуі - осы науқанның мақсатын біздің тұрғындарымыз дұрыс түсініп, мүмкіндікті тиімді пайдаланып қалуы үшін жасалуда.

**Дайындаған А.МҰСАҚЫЗЫ**

Ел тілегі
E-mail: eltilegi_gazeta@mail.ru

# ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ VII СЕССИЯСЫ

**Үстіміздегі жылдың 22 қыркүйегінде қалалық мәслихаттың мәжіліс залында VI шақырылған қалалық мәслихаттың кезекті VII (жетінші) сессиясы өткен болатын. Сессия отырысына қала әкімі Н.Нәлібаев, қалалық мәслихат хатшысы Р.Боханова, депутаттар, қалалық дербес бөлім басшылары, қоғамдық кеңес мүшелері қатысты.**

Сессияның күн тәртібінде Қызылорда қаласында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді іс- шаралардың жүзеге асырылуы туралы; Қызылорда қаласының сәулеттік келбетін жақсарту барысында атқарылған жұмыстар туралы; «Қала әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 26 ақпандағы №14-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы; Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы; «Қызылорда қаласындағы барлық деңгейдегі сайлау комиссияларын сайлау туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 10 сәуірдегі №28-1и шешіміне өзгерістер енгізу туралы; Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі қала әкімдігі жанындағы комиссиясының құрамын бекіту туралы мәселелері шығарылып, талқыланды.



**Қызылорда қаласында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді іс-шаралардың жүзеге асырылуы туралы. Бұл мәселе бойынша Қызылорда қалалық Ішкі істер басқармасы жергілікті полиция қызметінің басшысы Шүкіров Қуаныш Сәнтайұлы хабарлама жасады:** *«Қызылорда қалалық Ішкі істер басқармасының Жергілікті полиция қызметімен жолда жүру ережесінің сақталуын қадағалау, жол апаттарын алдын алу және құқық бұзушылыққа ден қою бағытында жан- жақты жоспарлы жұмыстар ұйымдастырылып, жүзеге асырылуда. Жолда жүру ережесін сақтау және жол- көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында сақтық шаралары қабылданып, әрдайым жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер арасында жүргізілген түсіндірме жұмыстарының нәтижесінде, ағымдағы жылдың 8 айында орын алған жол- көлік оқиғалары – 10,9 пайызға және апат салдарынан түрлі жарақат алғандар саны – 14,9 пайызға, қайтыс болғандар – 20,0 пайызға азайып, жалпы қала көлеміндегі жол апаттылық жағдайы тұрақтанды. Жол- көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында, қала көлемінде жыл басынан «Құқық тәртібі», «Автобус», «Қауіпсіз жол», «Абайлаңыз, балалар», «Түнгі қала» атты 27 рет жедел профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.»*

Қаралып отырған мәселе бойынша тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін маусым айында қалалық мәслихат жанында уақытша жұмысшы комиссиясы құрылып, бірқатар жұмыстар атқарған екен. Қалалық білім бөлімінің ақпаратына сәйкес «Жылдамдықты шектеу белгісі» білім бөліміне қарасты 55 мектептің 13- нің маңында, «Жаяу жүргіншілер белгісі» 7 мектеп аумағында, «Жасанды жол кедергісі» 16 мектеп маңында, «Жаяу жүргіншілер жолағы» 8 мектеп жанында сызылмағаны анықталған. Осыған орай, қалалық коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне ең бірінші кезекте №15 және №3 мектеп гимназиялары көлік көп жүретін жол бойында орналасқандықтан, аталмыш мектеп аумақтарында бірінші кезекте жасанды жол кедергісін орнату жөнінде ұсыныс беріліп, бүгінгі күні аталмыш мектеп-гимназиялары жанына жол белгісі қойылған.

**«Қызылорда қаласының сәулеттік келбетін жақсарту барысында атқарылған жұмыстар туралы» мәселесі бойынша Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Шамұратов Пакуатдин Сыражадинұлы хабарламасында:** *«Қызылорда қаласының Бас жоспары ең басты құжатымыз болып саналады. Бас жоспарға сәйкес, барлық объектілерді жобалау және олардың құрылыстарын жүргізу барысында туындаған мәселелердің шешімін тез және оңай шешуге, сондай- ақ бюджет қаржысын үнемдеу мақсатында осы уақытқа дейін 500 гектарды құрайтын Астана ауданының, Қызылорда қаласының Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 1532 гектар аумақтың, Сұлтан Бейбарыс көшесі мен көпірдің маңындағы аймақтарды қамтитын, жалпы көлемі 329 гектар аумақтың және Қызылорда- Жезқазған трассасы бойындағы жалпы көлемі 980 гектар аумақтың егжей- тегжейлі жоспарлау жобалары әзірленіп, бекітілді.»* деді.

«Қала әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 26 ақпандағы №14\2 шешіміне келесі өзгерістер енгізілді: Қызылорда қаласының әкімі- Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлы, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары- Шәменов Асылбек Өмірбекұлы, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары- Молдабаев Марсбек Рүстемұлы, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары – Жәлиев Нұрхан Бұхарбайұлы, «Қызылорда қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы- Тұрабаев Еркін Ермағанбетұлы, «Қызылорда қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы- Баймаханова Гүлнар Бұрханқызы, «Қызылорда қалалық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы- Иманқұлов Әлсеит Аманжолұлы, «Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы- Бердібаев Ерлан Құлахметұлы, «Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы- Әлсеріков Мұхамедиса Әбдірахманұлы.

«Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының міндетін атқарушы Құрақбаева Кенжегүл Құрақбайқызы хабарлама жасады. Осы Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының «2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 қаулысымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау тәртібін белгілейді. Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары: Жалпы ережелер, әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері, әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, «Өрлеу» жобасы бойынша әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмек, әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту, көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер, әлеуметтік көмекті төлеу, қаржыландыру және қорытынды ережеден тұрады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты «Қызылорда қаласындағы барлық деңгейдегі сайлау комиссияларын сайлау туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 10 сәуірдегі №28-1 шешіміне келесі өзгерістерді енгіземіз деп шешім қабыдады. Аталған шешімнің 1-қосымшасымен бекітілген «Қызылорда қалалық аумақтық сайлау комиссиясы» құрамынан Нәсібеков Кеңес Ердібекұлы, Құрманбекова Венера Мейрамқызы шығарылды. Аталған шешімнің 2-қосымшасымен беітілген «Қызылорда қалалық округтік сайлау комиссиялары» құрамынан Қарақұлова Қарлығаш Қапашқызы, Ертайқызы Индира, Алмат Нұргүл Серікқызы, т.б. шығарылды. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізілетін болады.

Қызылорда қалалық мәслихатының регламентін бекіту туралы Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысы Боханова Роза Аяғанқызы хабарлма жасады. Қызылорда қалалық мәслихатының регламенті «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін- өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты өздерінің регламенті бекітіліп, оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілуі туралы шешім қабылданды. Регламент Қазақстан Республикасы Заңының 9- бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген мәслихаттың үлгі регламентіне сәйкес әзірленді, онда мәслихат сессиялардын, оның органдарының отырыстарын өткізу, оларға мәселелер енгізу және қарау, мәслихат органдарын құру және сайлау, олардың қызметі туралы есептерді, халық алдында мәслихаттың атқарған жұмысы және оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы есептерді тыңдау, депутаттардың сауалдарын қарау тәртібін, мәслихаттағы депутаттық бірлестіктер өкілеттіктерін, қызметін ұйымдастыруды, сондай- ақ дауыс беру, аппарат жұмысының тәртібін және басқа да рәсімдік және ұйымдастырушылық мәселелерін белгілейді. Мәслихаттың қызметі Қазақстан Республикасы Конституциясымен, Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін- өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты «Қызылорда қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекітіп, оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетіні туралы шешім қабылдады.

**VI шақырылған Қызылорда қалалық мәслихатының кезекті сессиясының төрағасын сайлау туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін- өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. VI шақырылған Қызылорда қалалық мәслихатының кезекті сессиясының төрағасы №8 «Мерей» сайлау округінен сайланған депутат Кәрімбаев Мұхиджан Исмаилұлы сайлансын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда қалалық маслихатының кезекті VI сессиясының төрағасы Қ.Ерназаров**

**Қызылорда қалалық маслихатының хатшысы Р.Боханова**



# ӘКЕ-ШЕШЕНІҢ ТӘРБИЕСІ – МЕНІҢ ӨМІРЛІК АЗЫҒЫМ

**- Садық ағай, сұхбатымызды ең алдымен жөн сұрасудан бастасақ. Өзіңіздің туып-өскен құтты мекеніңіз, балғын балалық шағыңыз туралы айтып берсеңіз.**

- Туған жерім Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылы. Балалық шағым алтын мекенім - ауылда өтті. Бала кезімнен менің мақсатым - алға қарай талпыныс, қай кезде де бастаған, істеген нәрседен нәтиже шығару. Әкем кезінде мені спортқа жібергісі келмеді. Өйткені үй шаруасын ұқыпты атқарып, малға жақсы қарадым. Жұмыстарды тиянақты, уақытылы істеуге асығатынмын. Есімде қалғаны, бала кезімде мені спорт интернатына оқуға шақырғанда да, институтқа оқуға түспекші болғанымда да әкем наразы болып, аздап реніш білдірді. Үйде ірі қарасы бар, майдасы бар қора толған мал болды. Бау-бақшамыз да болатын. 2000 бау пішен орушы едік. Оның бәрін жинаудың өзі үлкен жұмыс. Сол шақтарда күрестегі жаттығуға үлгеру үшін жұмыстарымды ертерек тындырушы едім. Ол менің артықшылығым деп айта алмаймын. Қарап отырсақ шыңға жеткен, елімізді әлемге танытқан бірсыпыра даңқты азаматтар осы ауылдан шыққан. Ата-анам бізді еліміздің абыройын асқақтату жолында тәрбиеледі. Кейде сол кісілердің еңбектерін ақтай алатындай нәрсе жасай алдым ба деп толғанамын. Бірақ, ол бағаны мен өзіме өзім бере алмаймын. Мен өзімді мықтымын деп те айта алмаймын. Бір ғана «елім» деп соққан жүрегіммен, пейіліммен тек алға қарай талпынамын. Әке- шешемнің тәрбиесі мен атамның тәрбиесі – менің өмірлік азығым. Осындай елде туып, осындай отбасының азаматы болғаныма шүкір етемін. Отбасым бізді барынша еңбекқорлыққа тәрбиеледі. Сол үшін оларға ризамын.

**- Мұстафаевтар әулетінің «Мерейлі отбасы - 2016» ұлттық конкурсында көпшілік назарына ілігіп, жүлделі бірінші орынға ие болғандығына отбасы мүшелерінің әрбірінің үлесі зор деп білеміз.**

**Осы орайда, отбасы мүшелерімен таныстырып кетсеңіз.**

- Әкем Шоңмұрын Мұстафаев 1939 жылы Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылында дүниеге келген. Мәдениет МТС-де, Жамбыл колхозында механизатор, жүргізуші болған. Күріш жинау науқанында жаткамен 150-160 гектер жер оратын, ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. Анам Мұстафаева Күләш екеуінің 9 ұл, 2 қыз, 26 немере, 9 шөбересі бар. Ең үлкен ағам Мұстафа Шәкизада - 1959 жылы дүниеге келген. Ішкі істер саласында қызмет атқарған. Қазіргі таңда Жалағаш ауданының тұрғыны, зейнеткер, балаларының ардақты әкесі, немерелеріне қамқор ата. Өзі жеке шаруашылықпен айналысады. Одан кейінгі әпкем Шәмшәгүл Мұстафаева Алматы қаласында тұрады, 2 баланың анасы. Одан кейінгі әпкем «Нұр Отан» партиясы Жалағаш аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мұстафаева Қаншагүл. Әпкемнен кейінгі ағам Сәкен Мұстафаев. Сәкен ағамнан кейін мен. Менен кейінгі інілерім Әбутәліп пен Әбдіхалық. Әбдіхалық Қызылорда облысына танымал әнші. Музыкалық тобы бар. Әбдіхалықтан кейінгі інііміз Абай «Мәдениет» ауылында. Ал Адай інім қазір Қызылордада шаруашылықпен айналысады. Кенже інілерім Қуаныш пен Мейрамбек. Отбасының кенжесі Мейрамбек туған ауылымызды көркейтсем деген ниетте жұмыс жасап жатыр.

**- Асқар тау – әкеңіз бен мөлдір бұлақ – анаңыз қандай жандар?**




- Бұрын әкем өте қатал жан болатын. Шынымды айтсам, жымиып күлгенін көрмей өстік. Еңбекқорлығынан болар, бірнеше жұмысты қатар атқаратын. Өмір бойы жұмыс жасаған кісі. Ал аяулы анам өмірін демалыссыз өткізген жан. Тіпті дүиеге перзент әкелген кезінде де ұзағынан демалғанын көрмеппін. Өзіміз 11 бала, оған қоса туған-туысқандардың балалары да жазғы демалыста біздің үйге келетін. Анам бәрімізге қамқор болатын. Шешем бір тәулікте әрі кетсе 3 сағат ұйықтайтын. Үй тіршілігімен жүріп кеш жатып, ерте тұратын. Күріштің күтіміне қатты мән беретін. Жалпы, жұмыс пен үйді қатар алып жүретін әйел. Бүгінгі таңдағы бар ойым - ата-анам ұзақ өмір сүріп, өмір бойы көрген тауқыметтің рахатына бөленсе, немере мен шөбере қызығын көрсе. Алла Тағала еңбектерінің жемісін көрсетсе деймін.

**- Әкелік парызды қалай түсінесіз?**

- Әкенің парызы – өмірге әкелген ұрпағының бойына адами қасиеттерді сіңіре отырып, дұрыс тәрбие беру. Ұлттық дәстүрімізді ұлықтауға үйрету. Жан баласының ала жібін аттамауға шақыру. Кейін әке деген атқа кір келтірмейтіндей ұрпақ тәрбиелеу. Қыз бала бөтен шаңырақтың адамы болатындықтан, сол отбасына береке әкелетіндей ибалы да инабатты етіп тәрбиелеу.

**- Өз салаңызда басшы ретінде жемісті еңбек етіп жүрсіз. Осындай нәтижелі жұмысқа қол жеткізу үшін адамға ең әуелі не қажет деп ойлайсыз?**

- Менің басты мақсатым – елім үшін қызмет ету, туған жерім Қызылорданың абыройын асқақтату. Қай жағынан болмасын елімді тек алдыңғы қатардан көргім келеді. Көштің алды болу. Басқаға жол көрсететіндей азамат болсам деймін.

**- Отбасының татулық пен бірлікте өмір сүруі үшін қандай нәрселерді назардан тыс қалдырмауға тиіспіз?**

- Ең алдымен кімге болмасын ең керегі шыдамдылық пен жұбайыңа деген адалдық. Отбасының берекесін сақтау – біздің міндетіміз. Менің отбасым басқаларға үлгі боларлықтай болса екен деймін. Отбасының татулықта өмір сүруі бас қосқан екі жанға тікелей байланысты.

**- Жастарға көңіліңіз толмайтын кездер бола ма?**

- Әрине, ондай кездер болады. Көңілді қалдыратыны - жауапкершіліктің аздығы. Жауапкершілік болмаған жерде алға қойған мақсатқа жету мүмкін емес. Сонымен қатар қазіргі жастардың көпшілігі бастық болғысы келеді. Аға - көкесінің арқасында қызметке орналасып, жұмыс жасауға құлқы аз болады. Қандайда бір жеміс ерте желінсе дәмі ащы болады. Өз уақытында жиналған жемістің дәмі де бал татитындығы секілді әр нәрсенің өз орнымен болғаны дұрыс. Кезінде Түркмен Башы министрлердің өзін мамандықтары бойынша көзбен көріп істесін деген ниетпен әуелі ауылға жіберген.

**- Осы уақытқа дейін еңбекқорлығыңыздың арқасында нәтижелі қызмет етіп келесіз. Марапаттан кенде емес шығарсыз?**

- Әрине, кенде емеспіз. Дегенмен, мен марапатпен, жетістікпен мақтанғым келмейді. Қызылорда облысының спорттан бүгінгі таңда алдыңғы қатарға шығуы – спорт саласындағы барша жанның еңбегі деп білемін.

**- Әулет болып жиналып, жиі бас қосасыздар ма?**

- Отбасылық басқосу біз үшін әлі дәстүрге айнала алмай жатыр. Бірі келсе, бірі келе алмай жатады. Қызметтеріне де байланысты. Бауырларым жан-жақта, өздері жеке отбасы болып бөлек шыққаннан кейін өз шаруалары бар. Анам мұндайда «әр балам - бір төбе» деп отырады. Көбіне тойларда жиналып қаламыз. Өзім ата-анамды жиі үйге шақырып, қонақ етемін.

**- Өткен өміріңізге көз жүгіртіп, нені медет тұтасыз, нендей жаңалығыңызбен жұбанасыз?**

- Қызылорда облысында тәрбиеленіп жатқан мамандар, спортшылар бір биік шыңға жеткенде немесе кезекті олимпиадалардан жүлделі орын алып, артқан сенім ақталған кездерде менің жаным нұрланады. Сонымен қатар, үлкен жұбанышым – немерелерім. Оларды көрген сайын шүкірлік етемін. Жас келгеннен кейін болар, жақсы нәрселер мен үшін дәруменге айналды.

**- Ағай, шынайы сұхбатыңызға рахмет!**

**Сұхбаттасқан Ақбота ДАНАБЕК**

# Хабарландыру

«Қармақшы аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқықтарын сауда-саттықта (аукциондарда) сатуға аукцион жариялайды.

**Жеке меншікке және уақытша жер пайдалану (жалдау) құқығын табыстау үшін ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі**

| № | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің көлемі,га | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Учаске саны | Жер пайдалану құқығы | Бастапқы баға, теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жосалы кенті бойынша | | | | | | |
| 1 | Жосалы кенті, Жағалау көшесінің бойы | 0,1 | Мал сою алаңы | 1 | 5 (бес) жыл мерзімге уақытша | 34500 |
| 2 | Жосалы кенті, Н.Нақыпов көшесінің бойы | 1,0 | «Жылыжай» құрылысына қызмет көрсету үшін | 1 | 5 (бес) жыл мерзімге уақытша | 230000 |
| Ақтөбе ауылы бойынша | | | | | | |
| 3 | Ақтөбе ауылы, Н.Сералиев көшесінің бойы | 3,2 | Құрылыстар мен ғимараттарға қызмет көрсету | 1 | 5 (бес) жыл мерзімге уақытша | 304000 |
| 4 | Ақтөбе ауылы, Кеңсе көшесінің бойы, №1 учаске | 3,35 | Құрылыстар мен ғимараттарға қызмет көрсету | 1 | 5 (бес) жыл мерзімге уақытша | 318250 |
| 5 | Ақтөбе ауылы, Кеңсе көшесінің бойы, №2 учаске | 0,5014 | Құрылыстар мен ғимараттарға қызмет көрсету | 1 | 5 (бес) жыл мерзімге уақытша | 47633 |

1.Аукционға жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар қатыса алады.
2.Аукционға ұсынылып отырған жер учаскелерін тиімді және жер заңнамаларының талаптарына сай пайдалану міндеттеледі.
3.Аукцион ағылшындық тәсілмен жүргізіледі.
4. Аукционға қатысуға кепілдік жарна: кәсіпкерлік мақсатында- **9344** теңге.
5. Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін: 1) аукционға қатысуға арналған өтінімді; 2) жеке басын куәландыратын құжатты; 3) кепілдік жарна төлемі құжатының көшірмесін; 4) Қазақстан халық банкідегі 20 таңбалы шоты; 5) өкілдің өкілдігін растайтын құжатты;
6. Заңды тұлғалар жарғының және заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің нотариалды куаландырылған көшірмелерін ұсыну қажет.
7. Қатысушылар кепілдік жарнаның кез-келген санын енгізуге құқылы, бұл ретте бір кепілдік жарна бір жер учаскесін, жер учаскесін жалдау құқығын сатып алуға құқық береді.
8. Аукционға қатысу туралы өтінімдер аудандық жер қатынастары бөлімінде хабарлама шыққан күннен бастап **2016 жылғы 20 қазан сағат 16-00 –ге дейін** жүргізіледі, аукцион **2016 жылғы 20 қазан 17-00** Жосалы кенті, Ораз ахун көшесі №44 мекен-жайында өткізіледі.
9. Аукционға қатысты барлық сұрақтарға жауаптар мен кеңесті Қармақшы аудандық жер қатынастары бөлімінен алуға болады. Мекен-жайы Жосалы кенті, Ораз ахун көшесі №44 үй, тел. 872437-21808, 21378

**«Қармақшы аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ.**

# БАЛАНЫҢ ТУУЫН МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

«Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» ҚР ӘМ 2015 жылғы 17 сәуірдегі №219 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты «баланың туу туралы өтінішті оның ата-аналары не басқа да мүдделі адамдар тіркеуші органдарға ол туған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей беруге тиіс, ал бала өлі туған жағдайда, босанған кезден бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей медициналық ұйымның жауапты лауазымды адамы өтініш беретіні көзделген.

Сонымен қатар, ҚР Азаматтық кодексінің 173-бабын басшылыққа ала отырып, баланың туын тіркеуге өтінішті қабылдаған кезде, уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімнің өтуі күнтізбелік күннен немесе мерзімнің басталуы белгіленген оқиға болғаннан кейінгі келесі күннен басталады. Яғни, егер бала 5 қыркүйек (дүйсенбі – жұмыс күні) туылған болса, өтініш беру уақыты келесі күні 6 қыркүйектен (сейсенбі – жұмыс күні) басталады және өтінішті 8 қыркүйекке дейін (бейсенбі – жұмыс күні) берілуі тиіс. Егер бала демалыс күндері немесе мереке күндері туылса, өтініш беру уақыты келесі жұмыс күнінен басталады, мысалы, бала 4 қыркүйек күні (жексенбі – демалыс күн) туылса, өтініш беру уақыты 5 қыркүйектен (дүйсенбі – жұмыс күні) басталады және 7 қыркүйекке (сәрсенбі – жұмыс күні) дейін өтініш берілуі тиіс.

Баланың туын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш «электронды үкімет» веб-порталы арқылы берілген болса, өтініш бір жұмыс күні ішінде орындалады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығының «Бала туды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес,

Баланың туын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш беру кезде туды тіркеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысандағы туды тіркеу туралы өтініш;

2) ата-анасының немесе нотариатта куәландырылған сенімхат бойынша өкілдің жеке басын куәландыратын құжаты (тұлғаны сәйкестендіру үшін);

3) ата-анасының неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлігінің көшірмесі (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылдан кейін некені тіркеген тұлғалар куәліктің көшірмесін ұсынылмайды);

4) туу туралы медициналық куәлігі немесе туу фактісін белгілеу туралы сот шешімінің көшірмесі;

5) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген жағдайда нотариатта куәландырылған сенімхат; шетелдіктер қосымша ұсынады:

6) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өз мәртебесіне сәйкес келетін жеке басты куәландыратын құжаттарын ұсынады. Жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсетумен қатар, оның мәтінінің нотариатта куәландырылған мемлекеттік тіліндегі немесе орыс тіліндегі аудармасын ұсынады.

Баланың туған күнінен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін, баланың туын тіркеген жағдайда қосымша ұсынылады:

1) ата-анасының түсініктемесі;

2) баланың туған жері мен ата-анасының тұрғылықты жері бойынша туу туралы акт жазбасының жоқтығы туралы тіркеуші органның анықтамасы (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылдан кейін туылған балалардан басқа);

3) баланың тұратын жері бойынша, оның денсаулығы туралы анықтама (жүгінген кезден бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей берілген);

4) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген жағдайда, нотариатта куәландырылған сенімхат.

**Қырмызы ҚАЛДАШБАЕВА**
**«Қызылорда қалалық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» КММ-сі - маман**

# АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ САЛАСЫ БОЙЫНША

Қазіргі кезде дактилоскопиялық есепті дүниежүзілік стандартқа сәйкестендіру мақсатында Комитетпен РФ ІІМ-нің Бас ақпараттық-талдау орталығымен (БАТО) бірлесіп, «Автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйеге» (АДИС), есеп құрылды. Бұл автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйе республика көлемінде 2008 жылдан бастап іске қосылып, бұл саладағы есеп электронды түрде жүргізілуде.

ҚР Бас Прокурорының 10.07.2014 жылғы №71 бұйрығымен бекітілген «Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасына» сәйкес, есепке алудың толықтығын қамтамасыз ету мақсатында қазіргі кезде Басқармамен облыс аумағында сотталғандар, тергеу, анықтау органдарымен бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алынған айыпталушыларға қатысты және белгілі тұрағы немесе жеке басын анықтаушы құжаттары жоқ болғаны үшін ұсталған адамға қатысты, танылмаған мәйіттерге қатысты саусақтарының іздері алынған соң дактилоскопиялық карталары «Автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйеге» (АДИС), есепке алынып, өңделіп, Комитетке жолданды.

Басқарманың құқықтық статистика және арнайы есепке алу бөлімімен ішкі істер органдарынан белгісіз ер адамның мәйіті табылады, зорлау белгісімен өлімге душар болған белгісіз азаматтың, дактокартасы түскен.

Бұрын сотты болған А.Р. Шымкент облысы, Сарыағаш ауданы, Абай ауылында туылған.

05.11.2006 жылы қылмысқа тартылған 177 ч.1 УК РК

**С.РАСҚҰЛОВ**
**ҚР БП ҚСжАЕК-нің Қызылорда облысы бойынша Басқармасының аға прокурор**

# ҮСТАЗ АТЫ - БИІК ӘРІ МӘҢГІЛІК!



Ұстаздар күні мерекесіне орай қыркүйек айының 27-28 жұлдызы аралығында №278 орта мектебінде Қызылорда қалалық білім бөлімі мен кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен қала мектеп мұғалімдері арасында «Ұстаз аты-биік әрі мәңгілік!» атты эстафеталық сайыс пен шағын фубодан турнир өтті. Бәйге десе қай қазақтың қаны қызбаған. Өз командаларына жанкүйер болуға мектеп ұстаздары да көптеп жиналыпты. Қалалық білім бөлімінің басшысы Есжанов Асқарбек Темірбекұлы ұстаздарды мерекесімен құттықтап, командаларға сәттілік тілеп,өз лебізін білдірді. Сайысқа қала мектептері арасынан 9 команда қатысып, эстафетаның 6 түрінен өтті.Ең жоғары уақыт көрсеткішін көрсеткен командалар жеңіске жетті.Сайыста №278 орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің ұстаздары төрелік етті.Командалар белсенді ойын көрсетіп,шеберлігін шыңдады.Жалпы командалық есепте 32 ұпаймен ІІІ орынды №264 мектеп, 36 ұпаймен ІІ орынды №5 мектеп, жүлделі І орынды 49 ұпаймен №101 орта мектеп иеленді.Командалар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сайыстың екінші күні шағын футбол турниріне ұласты. Турнирде командалар белсенді шебер ойын көрсете білді. Жалпы командалық есепте «Үздік қорғаушы » номинациясымен №172 мектептен Сыпабеков Қайрат, «Үздік қақпашы» номинациясымен №112 мектептің ойыншысы Бейсенбаев Мұрат, «Үздік шабуылшы» номинациясымен №140 мектептің ойыншысы Тоқмағанбет Данияр марапатталды және жүлделі ІІІ орынды- №9 мектеп,ІІ орынды –Қалалық білім бөлімі, І орынды-№278 орта мектеп ойыншылары қанжығасына байлады.Кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен өткен сайыстарда командалар Қалалық білім бөлімінің кубогымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.Ұстаздар мерекесінің қарсаңында өткен бұл турнирдің мақсаты уақыттарының көп бөлігін оқушы білімі мен тәрбиесіне арнаған ұстаздар қауымының көңілдерін бір сейілту болса,сонымен қатар салауатты өмір салтын ұстанудағы белсенділіктерін таныту болды.Мемлекет басшысының бұқаралық спортты дамыту туралы тапсырмасы баршаға аян. Ендеше, ұстаздар қауымының игі бастамасымен ұрпақ тәрбиесі үшін жақсылықты насихаттағаннан ұтпасақ, ұтылмасымыз даусыз.

**О.ТЫМАНБАЕВА**
**№278 мектеп директорының орынбасары**

# ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ



22 қыркүйек – Тілдер мерекесіне байланысты А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектепте «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» атты тілдер апталығы болып өтті. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНА сүйене отырып, Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясатын іске асыру мақсатында ұйымдастырылған апталық аясында эсселер байқауы, мәнерлеп оқу сайысы, ұлттық тағамдар жәрмеңкесі сынды шаралар ұйымдастырылып, оқушылар белсене атсалысты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үшін үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық тіл, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп атап өтті. Үштұғырлы тіл саясатының жүзеге асуының көрінісі ретінде апталықтың жабылу салтанатын оқушылар үш тілде еркін жүргізіп, қазіргі заман талабына сай дамыған, интеллектуалды мықты, құзырлы оқушы екендіктерін айқын көрсете білді. Кеш барысында тіл тақырыбындағы қойылымдар сахналанып, өлеңдер өрілді, әсем әндер төгіліп, мың бұралған бишілер сахна көркін қыздырып жіберді. Мектеп оқушыларының белсенділігі-олардың ана тілге деген сүйіспеншілігі мен өзге тілдерге қызығушылығын аңғартты. Кеш соңында мектеп басшысы Көшкінбаева Әлия Сейдуәліқызы мектеп жұмысын тілдер мерекесімен құттықтап, шараларға үздіксіз атсалысқан оқушыларды дипломмен марапаттады. Салтанатты кеш өнерпаз оқушылардың әсем әнімен жалғасын тапты.

**Ақгүл Тұрсынбай**
**№211 мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы ММ (120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27 немесе uzdr@korda.gov.kz) 2016 жылға босатылған тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушілерді (бұдан әрі – ТМККК көрсету бойынша қызметтер) таңдау рәсімін (бұдан әрі – рәсім) өткізу туралы хабарлайды:

медициналық көмектің түрі бойынша: алғашқы медициналық-санитарлық көмек, оның ішінде, қымбат бағалы медициналық қызметтер (Магниттік – резонанстық томография);

медициналық көмектің нысаны бойынша: амбулаторлық – емханалық.

ТМККК көрсету жөніндегі қызметтер Қызылорда облысының аумағында көрсетілуі тиіс.

Рәсімге қатысуға өтінімдер және нысандары densaulyk.e – kyzylorda.gov.kz интернет – ресурсында орналасқан қоса берілген құжаттардың тізбесін әлеуетті қызметтер берушілер «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ –не мекенжайы бойынша, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, 2 – қабат, 209 кабинетке ұсынады.

Рәсімге қатысуға өтінімдерді және оларға қоса берілетін құжаттарды тапсырудың соңғы мерзімі 2016 жылғы 12 қазан, сағат 17.00 дейін.

Рәсімге қатысуға өтінімдер 2016 жылғы 14 қазанда, сағат 17.00 Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 27, 2 қабат, № 209 кабинетте қаралатын болады.

Қосымша ақпаратты және анықтаманы мынадай телефондар арқылы алуға болады: (8(7242) 234405, 400451 (ішкі: 3024).

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление здравоохранения Кызылординской области» (120008, город Кызылорда, проспект Абая 27, uzdr@korda.gov.kz) объявляет о проведении процедуры выбора поставщика на высвободившийся объем услуг по оказанию гарантированного объема бесплатной медицинской помощи (далее – услуги по оказанию ГОБМП) на 2016 год (далее – процедура): по виду медицинской помощи: первичная медико – санитарная, в том числе дорогостоящие услуги (Магнитно – резонансная томография);

По форме: амбулаторно – поликлиническая.

Услуги по оказанию ГОБМП оказываются на территории Кызылординской области.

Заявки на участие в процедуре и перечень прилагаемых к ним документов, формы которых размещены на интернет – ресурсе densaulyk.e – kyzylorda.gov.kz представляются потенциальными поставщиками в ГУ «Управление здравоохранения Кызылординской области» (120008, город Кызылорда, проспект Абая 27, 2-этаж, кабинет №209).

Окончательный срок представления заявок на участие в процедуре и прилагаемых к ним документов до 17.00 часов 12 октября 2016 года.

Заявки на участие в процедуре будут рассмотрены в 17.00 часов 14 октября 2016 года по следующему адресу: г.Кызылорда, проспект Абая, 27, кабинет №209.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефонам: 8 (7242) 234405, 400451 (вн: 3024).

Ел тілегі
E-mail: eltilegi_gazeta@mail.ru

# Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің 2016 жылдың І жартыжылдығында атқарылған жұмыстарының нәтижелері

***I. Мемлекеттік экологиялық бақылау қызметі***

Қызылорда облысы бойынша экология департаментімен (бұдан әрі – Департамент) 2016 жылдың І жартыжылдығында қоршаған ортаны қорғау саласында барлығы **103 субъектіге** тексеру ұйымдастырылды. Оның ішінде **75 ішінара**, **28 жоспардан тыс.**

Тексеру қорытындылары бойынша **291** кемшіліктер анықталып, анықталған кемшіліктерді жоюға **256** нұсқама берілді.

Табиғат пайдаланушыларға **37 368 267 теңгеге 236** әкімшілік айыппұлдар салынып, **220** айыппұлдың **35 200 605 теңгесі, яғни 93,2%** пайыздары өндірілді. **2 167 662 теңге** құрайтын **16** әкімшілік айыппұлдар мәжбүрлеп өндірту үшін жеке сот орындаушыларға жолданды.

Келтірілген экологиялық залалды өтеу үшін **59** субъектіге **4 287 416 теңгеге** рәсімделіп, оның **49-ы 669 070 теңгесі** өз еркімен өндіріліп, **9** субъектіге **3 613 471** теңгеге берілген наразылықтар сотқа жолданып, оның **1-і** толығымен қанағаттандырылып, **8** талап арызы соттың қарауында, қалған **4 875** теңгені құрайтын **1** наразылықтың төлеу мерзімі келмеген.

Сондай-ақ, экологиялық бақылау жүргізу барысында ҚР Экологиялық кодексінің талаптарын өрескел бұза отырып шаруашылық қызметін жүзеге асырған заңды тұлғаларға байланысты сотқа кемшіліктерді жойғанша тоқтату туралы **5** талап-арыздар беріліп, барлығы **16 объектіні** кемшіліктерді жойғанша уақытша тоқтату жөнінде сот шешімдері шығарылды.

Сонымен қатар, Департаментке есепті кезеңде **52** шағым түсіп қарастырылды. Оның ішінде **29** шағым заңды тұлғалардан, ал **23** шағым жеке тұлғалардан келіп түскен.

***2. 2016 жылдың І жартыжылдық қорытындысы бойынша Департаментпен көрсетілген мемлекеттік қызмет сапасы***

Ағымдағы жылдың І жартыжылдығында Қызылорда облысы бойынша экология Департаментінің экологиялық реттеу бөлімімен мемлекеттік экологиялық сараптамаға келіп түскен **196** жобалық құжаттар қаралған. Оның ішінде **109** жобаға мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы берілсе, **21** жоба келісілмеген. Сонымен қатар, алдын ала сараптама сатысында **66** жобалық құжаттар кері қайтарылған.

2016 жылдың І жартыжылдығында қоршаған ортаға эмиссияларға **28** рұқсат берілген. ҚР экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес болмауы себебінен **23** рұқсат алу үшін тапсырылған өтінім кері қайтарылған.

Департамент тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызмет 100 пайыз электронды түрде «Е-лицензиялау» мемлекеттік ақпараттық деректер базасы ақпараттық жүйесі арқылы көрсетілді.

Сонымен қатар, ҚР кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 2014 жылғы 29 желтоқсанындағы №269 заңымен ҚР Экологиялық кодексінің 48 бабы 4 тармақпен толықтырылған.

Яғни, енгізілген толықтыруларға сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы және жергілікті атқарушы органдар жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салуға немесе бұрыннан барларын реконструкциялауға (кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға) және күрделі жөндеуге арналған жобалар (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттамасы) бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырады.

Осы ретте, қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңаларын салуға, сондай-ақ бұрыннан бар үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамасына ведомстводан тыс сараптама жүргізу қағидалары ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі №299 бұйрығымен бекітілген.

Аталған қағиданың 19 тармағына сәйкес «бір терезе» қағидаты бойынша құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізген кезде салалық және ведомстволық сараптамалардың өзара іс-қимыл рәсімдері мен операциялары тек қана электрондық ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады.

Есепті кезеңде Департамент тарапынан «бір терезе» қағидаты бойынша құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама негізінде салалық экологиялық сараптамаға келіп түскен **68** жобалық құжат қаралды.

***3. Зертхана-аналитикалық бақылау бөлімінің 2016 жылдың І жартыжылдығында атқарған жұмыстары жайлы ақпарат***

Зертхана-аналитикалық бақылау бөлімінің атқаратын жұмысы бөлімге жүктелген қызметтерге сәйкес облыстың қоршаған ортаны ластануын мемлекеттік аналитикалық бақылаудан өткізуге бағытталған. Бөлім «Сынақ және колибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар» ҚР СТ ИСО/ХЭК 17025-2007 талаптарына сәйкес аккредиттелген.

Зертхана бөлімінде 981 үлгі жинақталып, 2460 анықтаулар жүргізілді. Соның ішінде су көздерінің ластану анализі 114 үлгі 980 анықтауларды, топырақтың ластану анализі бойынша 94 үлгі мен 352 анықтауларды, атмосфералық ауаның ластануы бойынша 124 үлгі 479 анықтауларды, және автотранспорт бойынша 649 үлгі 649 анықтауларды құрайды.

Есептік мерзімде зертхана аралық салыстырмалы сынақтар су және топыраққа «ҚазГидромет» РМК, «Цитрин» ЖШС, Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы АҚ ҚФ және «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК аккредиттелген сынақ зертханасымен зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижелері қанағаттанарлық.

***Пірім Нариман Нұрланұлы***
***Қызылорда облысы бойынша***
***экология департаменті***
***басшысының орынбасары***

# «Азаматтарға арналған үкімет» жұмыскерлері перинаталдық орталыққа шығып, кеңес берді

**Өткен демалыста Қазақстанның барлық аумағында Аналар күнін атап өтті. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының жұмыскерлері де бұл бейресми, бірақ жанға жылы мейрамды тойлаудан шет қалмады және Астана қаласының №1 перинаталдық орталығына шығып, жас аналарға кеңес берді.**

Перзентханадағы кездесу барысында мемлекеттік корпорация фронт-офистерінің инспекторлары жас аналарға «Мемлекеттік корпорация» фронт-офистері арқылы ұсынылатын жүктілік пен босану, бала тууы және басқа да қызметтер бойынша әлеуметтік төлемдерді рәсімдеу бойынша түсіндірмелер берді.

«Біз перинаталдық орталықтың емделушілеріне бала тууына жәрдемақыны бір ғана өтініш арқылы рәсімдеуге болатынын айтып бердік» - деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы директорының орынбасары Серікхан Сабыржанов. «Ол үшін электрондық цифрлық қолтаңбасы мен электрондық үкімет порталына қолжетімділік болса жеткілікті. Композиттік қызмет ата-аналарға бала тууға бір жолғы жәрдемақыны тағайындау және бір жасқа дейінгі бала күтіміне әлеуметтік төлемдерді тағайындауға бір уақытта өтініш беруге мүмкіндік береді».

Бұдан басқа, әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығының инспекторлары Қазақстанда әйелдер үшін жүктілік демалысы төлемдерін рәсімдеу процедурасы жеңілдетілгендігін – енді жұмыс орнынан еңбекақысы туралы анықтаманы ұсынудың қажеті жоқ екендігін айтып берді. Енді жүктілік демалысы төлемдерін тағайындау автоматтандырылған ақпараттық жүйеде көрсетілген нақты аударымдар бойынша жүзеге асырылады.

Айтпақшы, қазақстандықтар 1411 - тегін қызмет көрсету нөмірі арқылы жәрдемақыны және зейнетақыны есептеу бойынша кез-келген сұрақтарын қойып, кеңес ала алады.

Сондай-ақ, Сабыржановтың айтуынша, республикалық бюджеттен жәрдемақы мен әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорынан әлеуметтік төлемдерді алушылар қалауы бойынша жәрдемақыны аудару үшін арнайы ағымдағы шот ашуларына болады. Бұндай арнайы шотқа түскен ақшалай қаражатты банктің несие бойынша кешіктірілген қарызын өтеу үшін арқылы ұстауына жатпайды.

Мемлекеттік корпорация арқылы жыл басынан бастап барлығы 122 мыңнан астам жүктілік демалысы төлемдері, 288 мың бала тууына біржолғы төлем және 166 мың бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдер тағайындалған.

Айта кетерлігі, аталмыш акция Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығын мерекелеуге орайластырып, тек Астана қаласының перзентханасында ғана емес, сондай-ақ Павлодар, Орал, Атырау және басқа да қалаларда өтті. Мемлекеттік корпорацияда мерейтойлық датаға арналған бұл алғашқы іс-шара емес. Жұмыскерлер мен олардың балалары «Мектепке жол», мемлекеттік тілді білу конкурсына, спартакиадаға және балалар суреттерінің конкурсына қатысқан болатын.

# Баланың туылуы бойынша мемлекеттік қызметтердің толық спектрін енді Қазақстанның перзентханаларында рәсімдеуге болады

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жаңа пилоттық жобаны іске қосты, бұл жоба шеңберінде баланың туылуын тіркеуді, бала туу мен оның күтіміне жәрдемақы тағайындауды, босану және жүктілікке байланысты табысын жоғалтқан жағдайдағы әлеуметтік төлемдерді рәсімдеуді, сондай-ақ баланы балабақша кезегіне қоюды жас аналар перзентханада жүзеге асыра алады. Композитті қызмет көрсету барлық 4 қызметке бір уақытта перзентханада өтініш қабылдауды білдіреді.**

«Естеріңізге сала кетейік, осы жылдың наурыз айында Әділет министрлігі баланың туылуын тіркеу бойынша мемлекеттік қызметтер стандартына азаматтар баланың туылуын тіркеуге өтінішті 3 жұмыс күні ішінде берулері тиіс деген өзгерістер енгізген. Қазақстандықтарға қолайлы болу үшін осы және оған ілеспе қызметтерді композиттік түрде көрсету мүмкіндіктерін қарастырдық. Бұл қазақстандықтардың өмірін жеңілдетіп, уақыттарын үнемдейді» - деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Медет Құмарғалиев.

Құмарғалиевтің айтуынша, композит «Баланың туылуын тіркеу, оның ішінде азаматтық ахуал актілері жазбаларына өзгерістер, түзетулер мен толықтырулар енгізу», «Бала туғанда берілетін және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау», «Әлеуметтік тәуекелдер жағдайларына әлеуметтік төлемдер тағайындау: еңбекке қабілеттілігін жоғалту, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу, жүкті болу мен босануға байланысты табысынан айырылу, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылу, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу» және «Мектеп жасына дейінгі (7 жасқа дейін) балаларды балалар мектепалды ұйымдарына жіберу үшін кезекке қою» қызметтеріне қатысты болып табылады.

Дайын болған туу туралы куәлікті ата-аналар, құжат тапсырған күнді есептемегенде, 2 жұмыс күні ішінде халыққа қызмет көрсету орталықтарынан алуларына болады, ал жәрдемақыны тағайындау туралы ақпарат клиенттің ұялы телефонына sms-хабарландыру арқылы түседі. Сонымен қатар, қазақстандықтар балабақша кезегін egov.kz электронды үкімет порталынан немесе мемлекеттік корпорацияның фронт-офистеріндегі «Connection Point» өз өзіне қызмет көрсету секторлары арқылы көрулеріне болады.

Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы 8 айда 24 миллионнан астам мемлекеттік қызметтер көрсетілген, оның 235 мыңнан астамы туу туралы куәлік беру болып табылады.

# Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін «Азаматтарға арналған үкіметте» бірқатар іс-шаралар өтті

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ-та сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік атмосферасын құру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» – дәл осы тақырыпта мемлекеттік корпорацияның орталық аппаратының, Астана қаласы бойынша дирекциялары мен департаменттерінің жұмыскерлері үшін бірқатар іс-шаралар өткізілді.**

«Азаматтарға арналған үкіметтің» Тәуекелдерді басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің қолдауымен өткізілген іс-шараларға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Анар Жайылғанова, «Нұр Отан» партиясы «Бірлік» филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әлия Кайшарова, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Тілеген Каскин қатысты.

«Азаматтарға арналған үкіметтің» Тәуекелдерді басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің директоры Бауыржан Талдықбаевтың айтуынша, мұндай іс-шаралардың негізгі мақсаты - сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу және оған жол бермеу, мемлекеттік корпорацияның жұмыскерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін нығайту.

«Бүгінде әрқайсымыздың алдымызда халықтың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру, «Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет - гүлденген мемлекет» идеологиясын алға тарту, мемлекеттік корпорацияның барлық қызметкерлері арасында, сондай-ақ «Нұр Отан» партиясымен, құқық қорғау органдарымен және басқа да қоғамдық бірлестіктермен және ұйымдармен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік» төзушілік атмосферасын құру мәселесі тұр. Сыбайлас жемқорлықпен күресу – баршаның және әр азаматтың міндеті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жауапкершілігі тек қана мемлекетке емес, әрбір жеке азаматқа жүктелетінін есте сақтауымыз қажет. Мемлекет пен қоғамның бірлігі және өзара сенімділігі ғана сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға мүмкіндік береді», - дейді Талдықбаев.

Бауыржан Талдықбаев атап көрсеткендей, мұндай іс-шаралар «Нұр Отан» партиясының, құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдар мен басқа да ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен мемлекеттік корпорацияның барлық аумақтық департаменттерінде жүйелі түрде өткізілетін болады.

*«Азаматтарға арналған үкімет»*
*мемлекеттік корпорациясы»*
*коммерциялық емес акционерлік қоғамының*
*Баспасөз қызметі*

# ҚАЗАҚТАР КӨБЕЙІП ЖАТЫР

**2016 жыл басындағы жекелеген этностардың Қазақстан Республикасының жалпы санындағы үлесі /*Облыстар бойынша*/**

| | Барлығы | Соның ішінде | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қазақтар | Орыстар | Өзбектер | Украиндар | Ұйғырлар | Татарлар | Немістер | Корейлер | Әзербайжандар | Белорустар | Түріктер | Дүнгендер | Поляктар | Күрдтар | Чечендер | Тәжіктер | Башқұрттар | Басқалар |
| **Қазақстан Республикасы** | **100** | **66,48** | **20,61** | **3,11** | **1,64** | **1,45** | **1,15** | **1,03** | **0,61** | **0,59** | **0,33** | **0,61** | **0,37** | **0,18** | **0,25** | **0,19** | **0,25** | **0,10** | **1,05** |
| Ақмола | 100 | 50,40 | 33,58 | 0,18 | 4,54 | 0,03 | 1,81 | 3,54 | 0,19 | 0,28 | 1,40 | 0,02 | 0,02 | 1,08 | 0,08 | 0,44 | 0,05 | 0,26 | 2,10 |
| Ақтөбе | 100 | 81,68 | 12,09 | 0,16 | 2,74 | 0,02 | 1,12 | 0,68 | 0,18 | 0,14 | 0,15 | 0,01 | 0,00 | 0,03 | 0,00 | 0,16 | 0,02 | 0,09 | 0,73 |
| Алматы | 100 | 70,71 | 14,33 | 0,24 | 0,22 | 7,88 | 0,66 | 0,45 | 0,81 | 0,87 | 0,03 | 1,87 | 0,07 | 0,06 | 0,74 | 0,30 | 0,04 | 0,02 | 0,70 |
| Атырау | 100 | 92,12 | 5,67 | 0,25 | 0,13 | 0,02 | 0,39 | 0,08 | 0,53 | 0,08 | 0,04 | 0,06 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,03 | 0,01 | 0,01 | 0,58 |
| Батыс Қазақстан | 100 | 75,16 | 20,23 | 0,09 | 1,55 | 0,02 | 1,33 | 0,21 | 0,15 | 0,24 | 0,30 | 0,01 | 0,01 | 0,02 | 0,00 | 0,09 | 0,01 | 0,07 | 0,51 |
| Жамбыл | 100 | 72,55 | 10,28 | 2,47 | 0,31 | 0,25 | 0,81 | 0,40 | 0,83 | 1,11 | 0,04 | 2,97 | 4,91 | 0,01 | 1,35 | 0,20 | 0,06 | 0,03 | 1,42 |
| Қарағанды | 100 | 50,35 | 36,52 | 0,31 | 3,13 | 0,05 | 2,28 | 2,39 | 0,96 | 0,34 | 0,83 | 0,04 | 0,02 | 0,27 | 0,03 | 0,39 | 0,11 | 0,29 | 1,69 |
| Қостанай | 100 | 39,71 | 41,58 | 0,14 | 8,60 | 0,02 | 1,84 | 3,17 | 0,44 | 0,43 | 1,54 | 0,02 | 0,00 | 0,17 | 0,00 | 0,22 | 0,06 | 0,43 | 1,63 |
| Қызылорда | 100 | 95,98 | 1,98 | 0,21 | 0,04 | 0,02 | 0,21 | 0,02 | 1,02 | 0,03 | 0,01 | 0,21 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,10 | 0,02 | 0,02 | 0,13 |
| Маңғыстау | 100 | 90,26 | 6,10 | 0,35 | 0,31 | 0,02 | 0,27 | 0,05 | 0,14 | 0,91 | 0,03 | 0,02 | 0,01 | 0,01 | 0,00 | 0,11 | 0,01 | 0,02 | 1,38 |
| Оңтүстік Қазақстан | 100 | 72,93 | 4,60 | 16,87 | 0,15 | 0,14 | 0,65 | 0,09 | 0,32 | 1,20 | 0,02 | 0,81 | 0,00 | 0,00 | 0,33 | 0,09 | 1,24 | 0,03 | 0,53 |
| Павлодар | 100 | 50,87 | 36,49 | 0,17 | 4,60 | 0,03 | 1,87 | 2,79 | 0,14 | 0,27 | 0,62 | 0,02 | 0,00 | 0,12 | 0,01 | 0,24 | 0,04 | 0,17 | 1,55 |
| Солтүстік Қазақстан | 100 | 34,62 | 49,76 | 0,09 | 4,35 | 0,02 | 2,17 | 3,54 | 0,08 | 0,32 | 1,01 | 0,04 | 0,00 | 2,16 | 0,06 | 0,11 | 0,15 | 0,12 | 1,40 |
| Шығыс Қазақстан | 100 | 59,37 | 37,11 | 0,10 | 0,33 | 0,07 | 1,20 | 0,96 | 0,10 | 0,12 | 0,10 | 0,02 | 0,01 | 0,01 | 0,00 | 0,12 | 0,02 | 0,02 | 0,34 |
| Астана қаласы | 100 | 75,51 | 15,31 | 1,05 | 1,58 | 0,12 | 1,24 | 0,99 | 0,67 | 0,40 | 0,45 | 0,34 | 0,08 | 0,30 | 0,05 | 0,14 | 0,08 | 0,13 | 1,56 |
| Алматы қаласы | 100 | 58,19 | 27,49 | 0,62 | 0,63 | 5,40 | 1,39 | 0,43 | 1,85 | 0,67 | 0,10 | 0,52 | 0,51 | 0,06 | 0,20 | 0,16 | 0,17 | 0,04 | 1,57 |

## Қалалардағы көрсеткіштер 2005 жылмен 2016 жылғы деректерді салыстырғанда

| | 01.01.2005 | | | 01.01.2016 | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақтар | Орыстар | Басқа ұлттар | Қазақтар | Орыстар | Басқа ұлттар |
| 1. Астана | 57,2% | 29,8% | 13,0% | 75,5% | 15,3% | 9,2% |
| 2. Алматы | 45,0% | 38,7% | 16,3% | 58,1% | 27,5% | 14,4% |
| 3. Шымкент | 55,2% | 21,0% | 23,8% | 64,4% | 10,5% | 25,1% |
| 4. Қарағанды | 30,3% | 50,0% | 19,7% | 43,4% | 41,5% | 15,1% |
| 5. Ақтөбе | 63,7% | 22,7% | 13,6% | 76,9% | 16,4% | 6,7% |
| 6. Тараз | 56,3% | 26,6% | 17,1% | 66,4% | 17,4% | 16,2% |
| 7. Павлодар | 33,1% | 49,8% | 17,1% | 44,5% | 43,6% | 11,9% |
| 8. Семей | 58,5% | 34,0% | 7,5% | 70,0% | 25,4% | 4,6% |
| 9. Өскемен | 23,1% | 71,2% | 5,7% | 40,5% | 55,9% | 3,6% |
| 10. Атырау | 80,8% | 14,7% | 4,5% | 86,3% | 9,8% | 3,9% |
| 11. Орал | 46,8% | 44,9% | 8,3% | 64,5% | 30,5% | 5,0% |
| 12. Қызылорда | 89,1% | 5,2% | 5,7% | 92,6% | 3,5% | 3,9% |
| 13. Түркістан | 52,6% | 0,6% | 46,8% | 61,9% | 0,6% | 37,5% |
| 14. Қостанай | 24,3% | 53,5% | 22,2% | 37,5% | 45,0% | 17,5% |
| 15. Петропавл | 17,6% | 70,5% | 11,9% | 27,6% | 61,9% | 10,5% |
| 16. Ақтау | 68,6% | 21,1% | 10,3% | 71,1% | 19,1% | 9,8% |
| 17. Теміртау | 15,0% | 66,1% | 18,9% | 30,9% | 55,4% | 13,7% |
| 18. Талдықорған | 59,0% | 30,3% | 10,7% | 71,8% | 21,4% | 6,8% |
| 19. Көкшетау | 46,4% | 36,8% | 16,8% | 56,8% | 30,4% | 12,8% |
| 20. Екібастұз | 46,5% | 38,0% | 15,5% | 55,4% | 32,5% | 12,1% |

# "ВНИМАНИЮ ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ ПРОДУКЦИИ!!! ВВЕДЕНА ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА КАТАЛОГИЗАЦИИ ПРОДУКЦИИ"

Согласно статьи 25-1 Закона Республики Казахстан от 9 ноября 2004 года № 603-II «О техническом регулировании» функционирует Система каталогизации продукции

Каталожный лист продукции - это документ, содержащий единый набор реквизитов, позволяющий получить сведения о конкретной продукции: ее наименовании, производителе, нормативном документе по стандартизации, в соответствии требованиями которого ее изготавливают, а также об основных потребительских характеристиках этой продукции. КЛП заполняют на одно или несколько конкретных изделий: марок, типов, исполнений, - производимых по одному нормативному документу. Не допускается заполнять один КЛП на несколько видов продукций, производимых по различным нормативным документам.

Система каталогизации продукции создается в целях обеспечения субъектов технического регулирования информацией о характеристике и изготовителях отечественной продукции.

Основные задачи ведения системы каталогизации продукции:

- обеспечение заинтересованных государственных органов, юридических и физических лиц информацией о продукции, производимой в Республике Казахстан, ее основных характеристиках, изготовителях продукции, применяемых нормативных технических документах;
- учет выпускаемой продукции и выявление потребностей в новой продукции;
- формирование рациональной номенклатуры продукции и сокращение государственных затрат на ее проектирование, приобретение и техническое обслуживание;
- формирование и обновление каталогов продукции, выпускаемой в Республике Казахстан.

Стандартная форма каталожного листа продукции утверждена Приказом Министра индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 23 сентября 2013 года № 291 «Об утверждении формы каталожного листа продукции». Ознакомиться с формой КЛП и разобраться в правильном и достоверном его заполнении, можно обратившись в филиалы и представительства РГП «КазИнСТ», где опытные специалисты – практики ответят на все интересующие вопросы в области каталогизации (стандартизации) и помогут заполнить КЛП на государственном и русском языках с целью дальнейшей его регистрации.

Регистрацию КЛП, в зависимости от фактического адреса предприятия производителя продукции, осуществляют территориальные Департаменты Комитета технического регулирования и метрологии Министра индустрии и новых технологий Республики Казахстан. Для регистрации КЛП представляются на бумажном и электронном носителях, оформленных на государственном и русском языках КЛП. После рассмотрения на предмет правильности и достоверности заполнения каталожного листа продукции, Департамент решает о возможности его регистрации или отказе в этом. В любом случае предприятие – изготовитель будет уведомлён об этом.

Регистрации в системе каталогизации продукции не подлежат: 1) опытные образцы (опытные партии) продукции, установочные серии продукции; 2) продукция единичного производства, объекты авторских прав, сувениры, составные части продукции.

Производители продукции, подлежащей регистрации в системе каталогизации продукции, представляют сведения о произведенной (производимой) продукции на каталожном листе продукции на казахском и на русском языке в уполномоченный орган на бумажных и электронных носителях. Информация о выпускаемой продукции на территории Республики Казахстан представляется на каталожном листе продукции, согласно форме СТ РК 1.11.

Уполномоченный орган в течение десяти рабочих дней со дня получения каталожного листа: проверяет правильность заполнения каталожного листа и достоверность указанных в нем сведений, в случае отсутствия нарушений вносит сведения о выпускаемой продукции в систему каталогизации продукции и направляет на электронный адрес производителя, указанный в каталожном листе, уведомление о внесении (включении) в систему каталогизации продукции с указанием присвоенного регистрационного номера, в случае выявления факта представления неполных либо недостоверных сведений в каталожном листе, направляет мотивированный письменный отказ в регистрации.

**Жалгасбаева Нұржамал Аблайқызы**
**специалист Кызылординского филиала РГП «Казахстанский институт стандартизации и сертификации»**

## Түзету

Газеттің 28 қыркүйек 2016 жылғы №53 санның бірінші бетіндегі құттықтау соңы "№278 мектеп директоры" деп оқылсын

Меншік иесі: "Эврика Пресс Қызылорда" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ
Әбілбай САДЫҚБАЕВ
Данияр СҰЛТАНБЕКОВ
Рысбай КӘРІМОВ

БАС РЕДАКТОР
Темірбек ЕСЖАНОВ

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ
Жанар ШҰҒЛАНОВА

ТІЛШІЛЕР
Назиғат АМАНЖОЛҚЫЗЫ
Айткул ШАКИ

БЕТТЕУШІ-ДИЗАЙНЕР
Гүлсая БЕКТЕМІСҚЫЗЫ

Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі 10 "а"

Индекс 66503
Телефон: 30-27-17

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеліп, 2016 жылдың 1 ақпанында есепке алу туралы №15813-Г куәлігі берілген.

Республикалық "Ел тілегі" ақпараттық-танымдық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджіменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №9198-Г, 04.05.2008 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "PRINT" баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62.

Газеттің басылу сапасына жауапты "PRINT" баспаханасы

Таралымы 6000 дана

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді.

*Газетті тасымалдауға жауапты «Евразия Пресс» ЖШС Тел: 27-85-75*

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды.
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

E-mail: eltilegi_gazeta@mail.ru